

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тірі сүт қышқылды бактериялар негізіндегі препаратты сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 56 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Құрамында лактоза, декстрин, картоп крахмалы, магний стеарат, E171 титан диоксиді, желатин сияқты қосалқы заттар және т.б бар, адамның асқазан-ішек трактысының микрофлорасын сақтау және реттеу үшін пайдаланылатын тірі сүт қышқылды бактериялар негізіндегі препарат Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 3002 90 500 0 кіші қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян